



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 119 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 4 наурыз N 262

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 119

P020119\_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

- 1-тармақтағы "3" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;  
осы қаулының қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 4 наурыздағы N 262  
қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 26 қаңтардағы N 119  
қаулысына 4-қосымша

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы  
(бюджеттік бағдарламаның әкімшісі)

2002 жылға арналған

600 "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясын есептеу және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету"

республикалық бюджеттік бағдарламасының  
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 17823 мың теңге (он жеті миллион сегіз жүз жиырма үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Z952464\_ заңының 33-бабы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 U000427\_ Жарлығы; "Мемлекеттік сатып

алулар туралы" 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының

Z970163\_

Заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: Республикалық бюджет қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жаңа сайлау технологияларын енгізу; Ақпараттардың уақтылылығын және сапасын жақсарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Сайлау науқанын автоматтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-----  
Р!Бағдар!Кіші бағд.!Бағдарламалар! Бағдарламаны ! Іске !Жауапты  
е!лама ! коды !дың (кіші бағд.!(кіші бағдар. ! асыру !орындаушы.  
т!коды ! !дарламалардың)!ламаны) іске !мерзімі!лар  
N! ! ! атауы !асыру жөніндегі ! !  
! ! ! ! іс-шаралар ! !  
-----

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----  
1 600 Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясын  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясын  
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау  
Жыл бойы сайлау комиссиясы

есептеу және жөніндегі округтік  
ұйымдастыру сайлау комиссиялары  
техникасымен үшін 60 дана  
камтамасыз ету компьютер және 60  
дана принтер сатып  
алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сайлау комиссияларының жұмысының жақсаруы; қажетті ақпараттың тапсырылуының уақтылылығы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.